

**Алакөл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 53-2 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 28 қазанда № 3504 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 2-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 01.04.2016 № 2-3 шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-1 тармағына және 444-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Алакөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алакөл ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. "Алакөл ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына (келісім бойынша Д.Оспанов) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алакөл аудандық мәслихаттың "Көлік, байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы және экология жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*Байбазаров С.М*

*Сейрбаев Б.Т*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК